



№20
(2760)

Р а у а н

БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

21 мамыр 2024 жыл

Газет 1985 жылдың 1 шілдесінен шыға бастады

rauan_r@inbox.ru

mangystaumedia.kz

РЕСМИ

17 мамырда Нұрдәулет Қилыбай Маңғыстау облысының әкімі болып тағайындалды, деп хабарлайды mangystaumedia.kz. «Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрдәулет Игілікұлы Қилыбай Маңғыстау облысының әкімі лауазымына тағайындалды», деп жазылған Ақорданың таратқан ақпаратында.



ОБЛЫС ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Маңғыстау облыстық мәслихат депутаттары Маңғыстау облысының әкімі ретінде Нұрдәулет Қилыбайдың кандидатурасын мақұлдады. Нұрдәулет Қилыбай 1978 жылы Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. «Тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер», «Қаржы және қаржы құқығы» маманы. 2018 жылы АҚШ-тың Бостон қаласында Stafford House халықаралық мектебінде білім алған. Ол әр жылдары Көлік және коммуникациялар минис-

трлігі Көлік және қатынас жолдары комитетінің бөлім бастығы, басқарма бастығы, төрағаның орынбасары қызметін атқарған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі, кейін осы акционерлік қоғамның Маңғыстау жолдары бөлімшесі филиалының директоры болды. Сонымен қатар, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары, Ақтау қаласының әкімі қызметтерін атқарған. Ал 2023 жылдан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болып қызмет атқарды.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫМЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте банкрот жағдайында тұрған Бейнеу астық терминалының жұмысын қайта қалпына келтіру қажеттігін жеткізді. Президенттің пікірінше, бұл өңірді ұнмен және жеммен толық қамтамасыз етіп, 200 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.



АСТЫҚ ТЕРМИНАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛСА...



Одан бері арада үш жылға жуық уақыт өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау бағытында қандай жұмыстар қолға алынды? Бүгінгі мақаламызда осындай маңызды сұрақтарға жауап іздейміз.

Бейнеу астық терминалы ел игілігіне 2010 жылы пайдалануға беріліп, 16 гектар аумақта астық өңдеу және жем өндіру бойынша автоматтандырылған цехтар мен элеватор жұмыс істеген еді. Кәсіпорын негізінен Маңғыстау өңірі мен көрші бірқатар аймақтарды қолжетімді бағадағы сапалы ұн және жем өнімдерімен қамтамасыз ете отырып, Өзбекстан, Түрікменстан және Иран елдеріне жылына 1 млн. тоннаға дейін ұн экспорттап келді. Айына 260-270 тонна ұн, 1200 тонна кебек өндіріп отырған. Айта кетерлік жайт, Бейнеу тұрғындары арзан әрі сапалы ұнды да, мал азығын да осы астық терминалынан алып жүрген болатын. Бейнеулік 130-ға жуық азаматты тұрақты жұмыспен қамтып, ауданда жұмыссыздық деңгейін төмендетуге айтарлықтай септігін тигізіп келді.

Осылайша 7 жыл қарқынды жұмыс жасаған терминал 2018 жылдан бері тоқтап тұр. Оның жұмысын тоқтатуына негізінен елімізде бидай өнімдеріне мемлекет тарапынан берілетін субсидияның тоқтатылуы және басқа да бірқатар жағдайлар әсер етті. Бейнеу астық терминалының жұмысының тоқтауына байланысты аудан тұрғындары астық терминалының қайта іске қосылуын асыға күтіп жүргені баршамызға белгілі. Терминал тезірек қайта іске қосылса аймақ тұрғындарын сапалы ұн және қолжетімді бағадағы мал азығымен қамтамасыз ету мәселесі шешіледі. Аудандағы жұмыссыз жүрген адамдардың бір бөлігі тұрақты жұмыспен қамтылып, жұмыссыздар саны азаяды деп үміт етеді.

Аудан экономикасын дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыруда маңызды кәсіпорынды қалпына келтіру бағытында қандай жұмыстар қолға алынғанын анықтау мақсатында аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен ақпарат алдық. Сол ақпаратты оқырмандар назарына ұсынғалы отырмыз. Аталған бөлімнің берген ақпаратында аудан әкімі Рахымжан Шалбаевтың аудан және облыс халқын тиімді бағадағы ұнмен және ауылшаруашылығы қожалықтарын арзан мал азығымен қамтамасыз етіп келген, қазіргі таңда банкрот деп танылған Бейнеу астық терминалының жұмысын қайта жандандыру басты міндет деп санайтын ұстанымда екені айтылған.

Ақпаратпен одан әрі танысуды жалғастырайық. «Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Бейнеу астық терминалын қалпына келтіру жұмысына бағытталған іс-шараларды тиімді үйлестіруге облыс әкімдігі баса көңіл бөліп отыр. Өйткені, терминалдың қайтадан іске қосылуы экономиканы дамытуға және жұмыссыздық мәселесін шешуге, аймақ тұрғындарын жергілікті өніммен қамтамасыз етілуіне тігізер септігі көп. Осы орайда, терминалдың жобалық қуаттылығына тоқталсақ, нысанға бір мезетте 100 мың тонна астық сыяды, сондайақ тәулігіне 400 тонна ұн шығара алады. Сонымен қатар, терминал жылына 25 мың тонна кебек өндіру мүмкіндігіне ие болады. Егер кәсіпорын қайта іске қосылатын болса, 200-ге жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда терминалдың үн диірмені және астық сақтау бөлімі секілді өндіріске қажетті бөлігін жөндеуден өткізіп, қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Бұл жұмыс осы жылдың күз айларына дейін жалғасады деп отырмыз», - дейді аудандық кәсіпкерлік, ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрлан

Жарасов. Аталған бөлімнің редакцияға ұсынған ақпаратында кәсіпорынның жаңа иесі «Евразия Транс Логистик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екені айтылған.

Осы ретте айта кетейік, астық терминалын қалпына келтіру қажет екені туралы пікірлерді әлеуметтік желіде жиі көріп жүрміз. Олардың арасында кәсіп орын ашылса 200-ге жуық адамды жұмыспен қамту мүмкіндігі пайда болатынын «Маңғыстау өнеркәсіптік палатасы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Меруерт Құлымбаева да әлеуметтік желіде жарияланған ақпаратында келтіріпті. Аталған серіктестіктің директоры Жаңбырбай Доспаев астық терминалының жұмысы қайта жанданса, астық және мал азығымен аймақ халқын қамтамасыз етіп, сонымен қатар, Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан сияқты шет елдерге экспорттау жоспарланып отырғанын айтады. Серіктестік директорының ақпаратта келтірілген сөзінде Қазақстан Республикасының премьер министрінің орынбасары Серік Жұманғарин Ауғанстанға қазақстандық астық пен ұн жеткізу көлемін ұлғайту үшін Бейнеу терминалының мүмкіндігін қарастыруды ұсынғаны айтылған. Сонымен қатар, серіктестік директорының Маңғыстау өнімдерін Ауғанстанға экспорттау біздің өңірге ғана емес, жалпы Қазақстанға да мультипликативті экономикалық тиімділік береді деген мазмұндағы пікірі келтірілген.

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі ақпаратынан және әлеуметтік желіде жарияланған ақпараттардан түйген ойымыз Бейнеу астық терминалының қалпына келтіріліп, қайтадан іске қосылуының пайдасы мол болмақ. Ауданда жұмыссыз жүрген екі жүзге жуық азамат тұрақты жұмыс орнына орналасады. Аймақтың халқы сапалы әрі бағасы қол жетімді ұн және мал азығы – жеммен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етіледі. Терминалда шығарылған ұн бірқатар көрші мемлекеттер мен шет елдерге экспортталып, ел экономикасына қомақты қаржы түсіреді.

Енді тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйін жасайық. Ел игілігіне елеулі қызмет жасайтын Бейнеу астық терминалы қашан іске қосылады? Аймақтың халқы, оның ішінде ауылдастарымыз осы сұраққа нақты жауап күтіп отыр.

Үміт ҚАЗДАЕВА.

ВАНДАЛИЗМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Биыл Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында вандализм, яғни қоғамдық мүлікті бүлдіру бес жаман әдеттің бірі екенін айтқан болатын.

Қоғам мүлкін бүлдірмейік

Соңғы жылдары ауданымызды, оның ішінде аудан орталығын көркейту мақсатында көптеген тың бастамалар қолға алынып, игі істер іске асырылып жатыр. Ауылымызды көркейтуге барын салып, айтарлықтай қызмет атқарып жүрген ауылдастарымыздың қатары артып келеді. Бұлардың барлығы көркі көз тартатын мекеннің тұрғыны екендігімізді танытайық деген ізгі ниеттен туындаған игі істер.

Дегенмен арамызда ауыл ішінің тазалығын сақтауға көңіл бөліп, қоғамдық мүлікті тап-таза болып тұруына мән бермейтін адамдар аз болса да бар. Ондайлар өздері жүретін көшелерде, қоғамдық орындарда, көбінесе демалыс орындарының тазалығын сақтауға көңіл бөлмейтінін көріп жүрміз. Басқа да ұнамсыз істерге куә болып жатамыз. Дұрыс, мұндай адамдар көп емес.

Сөзіміздің басында жазғанымыздай, ауылымызды көркейту бағытында көптеген игі істер атқарылып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта тұрақты жалғаса бермек. Сондықтан, Мемлекет басшысы айтқан бес жаман әдеттің бірінен, оның ішінде вандализммен алшақ болып, жүрген жерімізде тазалықты сақтап, мекенімізді көркейтуге үлес қосуға атсалысуға көбірек көңіл бөлгеніміз жөн. Бейнеу тұрғындары мәдениетті, тазалықты сүйетін, ауылын көркейтуге құштар азаматтар деген сөзге лайық болғанымыз жөн. Бұл бағытта осындай істерді атқарып жүрген ауылдастарымыздың ісінен үлгі алуымыз керек.

Анаргүл НҰРЖАУОВА.

БӘРЕКЕЛДІ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА БАРАДЫ



Ауданда спортты серік еткен жастар көп. Олардың көпшілігі облыстық, республикалық, халықаралық дүбірлі додаларда топ жарып, аудан абыройын асқақтатып келеді.

Осы орайда қалың оқырманға мерейімізді арттыратын жағымды жаңалықты сүйіншілеп жеткізгілі отырмыз. Жақында Ақтау қаласында алғаш рет самбо күресінен Азия және Океания чемпионаты өткен болатын. Облыс орталығындағы «Халық арена» спорт кешенінде алғаш рет спорттық және жауынгерлік самбодан жасөспірімдер, жастар, кадеттер және шеберлер арасында өткен жарыста ауылдасымыз Ықылас Мұрат спорттық самбодан екінші, жауынгерлік самбодан үшінші орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Ықылас Нұрлыбайұлы енді күзде, 11-13 қазан күндері жастар арасында Кипр аралындағы Ларнака қаласында өтетін әлемдік чемпионатқа жолдама алды.

Ү. АСҚАРҚЫЗЫ.



РЕФОРМА ҚАДАМДАРЫ

МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

Қазақстан Республикасындағы қазіргі азаматтық процесс реформалау үстінде, бұл сот әділдігіне қол жеткізу жолдарын іздеуде, сот ісін жүргізуге жұмсалатын шығындарды шегеруде, судьяларға жүктемені азайтуда көрінеді.



Дәстүр бойынша құқықтық дауларды шешу сот төрелігі арқылы жүзеге асырылады. Алайда, азаматтық және коммерциялық айналым саласында туындаған дауларды сотта шешу кейде орынды бола бермейді. Соттардың жұмыс жүктемесі, сот ісін жүргізудің күрделілігі, дауласушы тараптардың сот ісін созудың өртүрлі әдістерін қолдануы, оның жоғары құны, формализмі, тараптардың іскерлік қатынастардың бұзылуына әкелетін теріс көзқарасы, құпиялылықтың болмауы және басқа да көптеген факторлар дауларды шешудің жаңа, үнемді, тиімді және қарапайым әдістерін әзірлеу қажеттілігін айқындайды. Алайда, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар оның төңірегіндегі жанжалдардың үнемі өсіп келе жатқан саны жанжалдардың табиғаты туралы ғана емес, оларды шешу жолдары туралы да мәселені өзектендіреді. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, татуластыру рәсімдері сот қорғау формасымен қатар қолданылуы мүмкін. Өйткені, татуластыру рәсімдерінің арқасында тараптар дауларды өзара қолайлы шарттармен реттей алады. Тиісінше,

Қазақстан Республикасындағы медиация институтын шетелдік тәжірибе мысалында дамыту сөзсіз Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетін арттыруға алып келеді.

Соңғы кездері отандық сот төрелігін дамытуда дауларды шешудің балама әдістеріне маңызды рөл берілді. Дауларды балама шешу мүмкіндігі азаматтар үшін сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл бағытта медиацияның рөлі артып келеді. Медиацияның негізі - медиатордың еріктілігі, теңдігі, тәуелсіздігі және бейтараптығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеу, құпиялылық. Медиатордың көмегімен жанжал шешіледі, тараптар арасында ерікті келісім жасалады. Жанжалдың үшінші бейтарап жағы бола отырып, медиатор тараптар арасындағы қарым-қатынас процесін жеңілдетеді, тараптарға ымыраласуға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы заңнама азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізудің кез келген сатысында татуластыру рәсімдерін қолдануға жол береді. Заңда татуластыру рәсімін өткізу ережелері, келісімнің нысаны мен мазмұны, татуластыру рәсімін өткізу мерзімдері көрсетілген.

Медиацияны жүргізу мерзімі 30 тәуліктен аспауы тиіс. Егер тараптар келісімге қол қойған немесе медиатор дауды шешудің мүмкін еместігін анықтаған, тараптардың бірі татуластыру рәсімдерінен бас тарту туралы мәлімдеген жағдайларда медиацияны жүргізудің заңда белгіленген мерзімі аяқталса, татуластыру рәсімдері тоқтатылады. Заңда келісімнің мазмұнына белгілі бір талаптар қойылады және келісім жасасудың салдары туралы айтылады. Медиация тараптары қол жеткізген келісім жазбаша нысанда жасалады. Онда медиация тараптары, даудың мәні, медиатор, келісім шарттар, оны орындау мерзімдері және оны орындамау немесе тиісінше орындамау салдары туралы деректер болуға тиіс. Медиацияның құқықтық табиғаты осындай.

Азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісімді судьяға дереу жібереді және оны сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде көзделген тәртіппен бекітеді.

С.ӨТЕБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының бас маманы.

ЗАҢ АЯСЫНДА

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар туралы» заңдарға қол қойғаны баршамызға белгілі.

Осыған орай газетіміздің тілшісі аудандық аналар кеңесінің төрайымы Нәбия Айлашовамен сұхбаттасқан болатын.



ҚАУІПСІЗ

ҚОҒАМҒА ҚАДАМ



–*Нәбия Жасанғалиқызы, соңғы уақытта отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың белең алғанын білеміз. Мемлекет басшысы қол қойған қос заң осындай келеңсіздіктің алдын алып, жолын кесуге қандай деңгейде ықпал етеді деп ойлаймыз. Бұл туралы сіздің пікіріңіз қандай?*

– Иә, бұл күрделі мәселеге айналды. Мұндай ұнамсыз жағдай біздің ауданымызда сирек кездескенімен бүкіл елімізде жиі орын алып жатады. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың түрлі көріністерін көріп жүрміз. Әйел – дүниеге ұрпақ алып келіп, оны тәрбиелеп өсіріп, өмірді жалғаушы ардақты жан, отбасының ұйытқысы. «Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін» әйелдің бүгінгі таңда зорлық-зомбылық құрбанына айналып, қорқыныш пен үрейдің жетегінде өмір сүруі қоғамды алаңдатып отырғаны белгілі. Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың ажырасуының белең алуы да қоғамның жарасы іспетті болып тұр. Өйткені, ажырасқан ерлі-зайыптылардың балалары жақын туысының немесе нағашысының қолында тәрбиеленеді. Өйткені, отбасынан жылу таппай, ең жақын адамынан қорлық көріп, тағдыр тәлкегіне ұшыраған әйелдер мен балаларға ақыл-кеңес беріп, облыс орталығындағы «Рай» орталығына барып орналасуға қолымнан келген көмегімді бердім.

Ондай адамдармен өңімелесіп, жанай-қайын есту, тіпті ауыр. Олардың жаралы жанын сезініп, көзінде тунып тұрған мұңды көрген кезде жүрегіміз қан жылайды. Осындай келеңсіздіктер белең алып тұрған

кезде Мемлекет басшысының аталған заңға қол қоюын біз сөзсіз құлтаймыз. Жаңа заң әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғай отырып, отбасы институтын нығайтуға бағытталып отыр.

–*Жаңа заң бойынша тұрмыстық және отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы қандай шаралар қолданылады?*

– Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, айтайық, ұрып-соғудың кез келген дерегі бұрын Әкімшілік кодекс шеңберінде қаралып келген болса, енді Қылмыстық кодекс шеңберінде қаралатын болды. Мысалы, адам денсаулығына жеңіл зиян келтіргені үшін 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салынады, немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Денсаулығына зиян келтірмесе де, тән ауруына алып келетін деңгейде ұрып-соғқаны үшін 80 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу, немесе 50 тәулікке дейін қамау жазасы енгізілді. Алайда, әлімжеттік жасап, күш көрсеткен бұзақының жәбірленушімен бірге тұруына тыйым салу секілді ерекше талаптар қою мүмкіндігі, біздің ойымызша, ең маңызды жаңалық болып отыр. Осы орайда айта кетейін, жаңа заң жобасы балаларымызды педофилдердің құрбандығы болудан қорғауды көздейді. Педофилдер енді өмір бойы бас бостандығынан айырылады. Сондай-ақ, жаңа заң күшіне енгеннен бастап, суицидті, яғни, өз-өзіне қол жұмсауды насихаттаған сайттар, арналар, чаттар бұғатталып, олардың ұйымдастырушылары мен сыбайластарын 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделіп отыр. Осылайша, енді тұрмыстық

зорлық-зомбылық жасаған адам бұрынғыдай жеңіл жаза алумен құтылып кете алмайды. Бір сөзбен айтқанда, әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жаза қатандатылды. Жаңа заңмен толық та-нысқан адам бұлардан да басқа көптеген өзгерістер мен толықтырулар бар екеніне көз жеткізеді.

Осы ретте айтып өтейік, жалпы заңның негізгі мақсаты, отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды жазалау ғана емес, осындай келеңсіз жағдайдың алдын алуға басымдық береді.

–*Жалпы заңның негізгі мақсаты және қоғамдық-құқықтық маңызы туралы тағы не айтасыз?*

Бұл заң дәстүрлі ұлттық құндылықтарды сақтап, отбасы институтын нығайтуды көздейді. Сондықтан «Неке және отбасы туралы» кодекстің 2-бабына дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету туралы толықтырулар енгізілуі осыны айғақтап тұр. Балаларды өз отбасында ұлттық және дәстүрлі құндылықтарға негізделген бағытта адамгершілік және рухани тұрғыда тәрбие аталған заңдағы ең басты талап болып отыр. Ресми және шынайы ақпаратпен таныспаған кейбір адамдардың «Енді балаларға батыстық үлгіде тәрбие беріледі. Заң қабылданса баланы ата-анасынан тартып алуға мүмкіндік береді екен» дегенге саятын ойлары мүлде қате. Мемлекетіміз жетім балаларды көбейтуді емес, отбасында, ұлттық құндылықтарға қанып өскен балаларды тәрбиелеуге баса назар аударып отыр.

Сөзімді түйіндей келе айтарым, жаңа заң әлеуметтік теңдік принциптерін барынша нығайтып, жыныстық кемсітушілік көріністеріне нөлдік төзімділік қалыптастырып, зорлық зомбылыққа жол берілмейтін, қауіпсіз және әділетті қоғам орнатуды көздейді.

Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін рахмет.

Үміт ҚАЗДАЕВА.

МАҢҒЫСТАУДА ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Биыл Маңғыстауда 1-шілдеден бастап «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қызметкерлер жаңа ережемен қабылданады.



Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау мәселесін жеңілдету, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырмасына орай, Агенттік мемлекеттік қызметке іріктеудің автоматтандырылған алгоритмін әзірледі. Бұл ретте, конкурстық рәсімді өткізуде толық цифрландыруды көздейтін «equzmet.gov.kz» порталы әзірленді.

Сәйкесінше, конкурстық рәсімнің барлық кезеңдері онлайн түрде қашықтан (24/7 – әңгімелесуден басқа) өткізіледі, оған азаматтар әлемнің кез келген нүктесінен және қалаған уақытында қатыса алады. Жаңа іріктеу жүйесі пилоттық сынақтан 2023 жылдың 1 наурызынан бастап 5 мемлекеттік органда басталды. Өз кезегінде, сынақтан өткізу 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап қайта ұзартылып, мемлекеттік органдардың саны 22 ұлғайды.

Үміткерлерге мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде анонимділікті қамтамасыз ету үшін ID-нөмір беру көзделген. Сондай-ақ «адами фактордың» ықпалын болдырмау үшін конкурс рәсімінің ашықтығын тәуелсіз прокторинг жүйесі қамтамасыз етеді. Осылайша, жаңа іріктеу форматына сәйкес конкурстың қорытындылары ақпараттық жүйемен дербес шығарылады.

Тестілеу жүргізілетін нормативтік құқықтық актілердің саны екі есеге, яғни 9-дан 4-ке дейін қысқартылды. Бұл ретте, азаматтар тестілеу залдарына бармай-ақ, өзіне ыңғайлы уақытта және кез келген жерде онлайн тапсыра алады. Тестілеуде шекті мәнді еңсермеген қатысушылар тестілеуге үш күннен кейін және тестілеу тәртібін бұзған жағдайда бір айдан кейін қайта жіберіледі.

Тестілеуден сәтті өткен қатысушылар порталға тіркеліп, өздеріне қатысты деректер мен құжаттарды енгізе отырып, бос орындарға таңдау жасай алады. Яғни, мемлекеттік органға ешқандай құжат жолдамайды.

Ұлт зиялысы Ө.Бөкейхановтың «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп атап өкендей, қазіргі таңда мемлекеттік қызметке қоғамның талабына сәйкес келетін кәсіби мамандарды тарту аса маңызды болып табылады.

Осы орайда, қатысушылардың құзыреттері мен қабілеттерін бағалауына басымдық беретін жаңа іріктеу жүйесі келесі кезеңдерді қамтиды:

Бірінші, жеке қасиеттерді бағалау. Бұл кезеңде жалпы 130 сұрақтан тұрады. Өту мәні жауаптардың растық деңгейі 50% кем болмауы тиіс. Қатысушылардың нәтижелеріне қарай 1-ден 2-баллға дейін беріледі.

Осы кезеңнен сәтті өткен үміткерлер екінші кезең мәтіндік және сандық ақпаратпен (SHL) жұмыс істеу қабілетін бағалауға жіберіледі. Аталған кезеңде әрқайсысы 25 сұрақтан тұратын екі блокты құрайды, барлығы 50 тапсырма беріледі. Өту шегі барлық 50 сұрақтың 10 дұрыс жауабын құрайды. Қатысушылардың көрсеткен нәтижелеріне қарай 1-ден 5-ке дейін балл беріледі. Осы кезеңнен кейін үміткерлердің жалпы санының жартысы, бірақ кемінде үшеуі ессе жазу кезеңіне жіберіледі. Егер ессе жазу кезеңі қарастырылмаса, онда үш қатысушы әңгімелесуге жіберіледі.

Үшінші кезең – ессе жазу. Бұл басшылық лауазымдар үшін (А-1, В-1, С-1, С-О-1, С-Р-1, D-1, D-О-1, D-Р-1, Е-1, Е-Р-1, санатына) міндетті кезең. Өзге лауазымдар үшін осы кезеңді қарастыру мемлекеттік органның өзі айқындайды. Мемлекеттік органның кадр қызметі ессе тақырыптарының тізімін қалыптастырады, ол жүйеде орналастырылады және жүйемен кандидаттың жеке кабинетіне жіберіледі.

Ессені үміткер жүйеде онлайн режимде тәуліктің кез келген ыңғайлы уақытында, жүйемен айқындалатын кестеге сәйкес жазды және мемлекеттік немесе орыс тіліндегі екі жүз сөзден аспайды. Осы кезеңде конкурстық комиссия қатысушыларға 0-ден 5-ке дейін балл аралығында бағалайды. Шекті мән кемінде 3 баллды құрайды.

Соңғы төртінші кезең мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесу.

Конкурстық комиссия құрамының үштен бір бөлігі бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда үш жыл жұмыс тәжірибесі бар бағалаушылардан тұрады. Әңгімелесу жүйемен үміткердің жеке кабинетіне жіберілген сілтеме бойынша бейнебайланыс режимінде жүргізіледі. Үміткерге бос лауазым бойынша және алдыңғы жұмыс орындарының қызметтік функционалдық бағыттарына сәйкес жеке қасиеттері тұрғысынан жалпы сипаттағы сұрақтар қойылады.

Яғни, заңнамада көрсетілген нақты талаптар бойынша кәсіби сұрақтар қойылмайды. Әңгімелесу қорытындысымен конкурстық комиссия қатысушыларға 0-мен 3-балл арасында баға енгізеді. Нәтижесінде конкурс жеңімпазы барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша жүйемен анықталады. Бұл ретте, әңгімелесу кезеңіне жалғыз үміткер қатысуы оның нәтижесі 1 баллдан кем болған жағдайда конкурс жеңімпазы анықталмайды.

Атап өту қажет, қолданыстағы іріктеу жүйесі бойынша конкурсқа қатысушылардың үлесі орта есеппен бір орынға 1,7 адамды құраса, жаңа іріктеу жүйесі бойынша бір лауазымға қатысушы үміткерлердің орташа үлесі үш жарым есеге артып, 5,8 адамды құрады. Нәтижесінде, осы жоба бойынша мемлекеттік қызметке қабылданған азаматтармен сұхбат жүргізу барысында қатысушылардың басым бөлігі шынайы бәсекелестікке жол ашатын, іріктеу кезеңдеріне ыңғайлы уақытта қатысуға мүмкіндігін беретін, рәсімдері толық цифрландырылған іріктеу жүйесі бойынша оң пікірлерін білдірген. Агенттік жыл соңына дейін жаңа іріктеу жүйесін жетілдіру бағытында бірқатар өзгерістер енгізіп, оны келесі жылдың соңына дейін барлық мемлекеттік органдарға енгізуді жоспарлап отыр.

Естеріңізге сала кетейік, қолданыстағы мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың тәртібі елімізде 2017 жылдың 21 ақпанында тәжірибеге енгізілді. Бұл ретте, осыған дейін 1 бірінші кезекте мемлекеттік қызметке үміткер алдымен заңнаманы білу тестілеуінен жергілікті департаментке барып өтуі тиіс болатын. Содан соң Агенттіктің интернет-ресурсында жарияланған /gov.kz/ бос жұмыс орындарын қарап, мемлекеттік органның электрондық поштасына өтініш, қызметтік тізімі мен білімі туралы құжаттардың нотариалды көшірмелерін ұсыну арқылы конкурсқа офлайн түрде қатысатын еді.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облыстық департаментінің басшысы.

РУХАНИЯТ

Заңғар жазушы Әбіш Кекілбайұлының туғанына биыл 85 жыл толды. Осыған орай Әбіш Кекілбайұлы атындағы облыстық тарихи-өлке тану музейінің аудандық филиалында «Үздік экскурсовод - 2024» атты сайыс өтті. Негізгі мақсаты Әбіш әлемін тереңірек тануға арналды.



ӘБІШ МҰРАСЫН

ДӘРІПТЕУ



Аталған сайысқа Ә.Кекілбайұлы атындағы облыстық тарихи-өлке тану музейі және оның аудандар мен Жаңаөзен қаласындағы филиалдары және Адай ата Отпан тау тарихи-мәдени кешені мен Серікбол Қондыбай атындағы облыстық мемориалдық музейдің жас мамандары қатысты. Сайыс басталар алдында сөз алған Ә.Кекілбайұлы атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Эльвира Абданова ісшараның абыз ата әлемін тереңірек танып, кеңірек дәріптеуге арналғанын айта отырып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайыста Ә.Кекілбайұлының шығармаларынан прозалық туындыларын талдау, өлеңдерін жатқа айту, ұлтымыздың сан ғасырлық саф мұрасы – салт-дәстүріміз, Бейнеу жерінде орналасқан

тарихи-мәдени ескерткіштер бойынша білімдері сынға түсті. Осы орайда айта кетейік, музей мамандары заңғар жазушының шығармаларын сүйіп оқытындарын, тарихи-мәдени мұралар мен ұлттық құндылықтарымыздың негізгі бөлігі болған салт-дәстүріміз бойынша жеткілікті білетіндерін байқатты. Сайыс аяқталғаннан кейін қатысушылар аталған музейдің Бейнеу филиалының көрме залдарын аралап, экспонаттарды тамашалады.

Сайыстың басты талабы – жеңімпаздарды анықтау. Қазылар алқасының шешімі бойынша музейдің Жаңаөзен қалалық филиалының маманы Нұргүл Оразалиева бас жүлдені иеленіп, гранпри иегері атанды. С.Қондыбай атындағы мемориалдық музей мен Бейнеудегі му-

зейдің мамандары Алтынай Мақашова, Гүлнар Есбосинова бірінші, облыстық тарихи-өлкетану музейі мен оның Маңғыстау аудандық филиалының мамандары Бибізада Жүсіпова мен Жадыра Әйлекова екінші, Адай ата – Отпан тау тарихи-мәдени кешені мен музейдің Түлқараған аудандық филиалының мамандары Гүлбану Шораева мен Эльвира Келжанова үшінші орынды иеленіп, оларға бағалы сыйлықтар табысталды.

Музейдің жас мамандары арасында Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдығына арналған сайыс абыз әрі заңғар жазушының құнды мұрасымен танысқан сайын рухани дүниетанымымыздың кеңейе түсетініне тағы бір рет көз жеткізді.

Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

ДАЙЫНДЫҚ
ПЫСЫҚТАЛДЫ



15-16 мамыр күндері Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің басшылығымен елімізде «2024 жылғы өрт қауіпті кезең жағдайында төтенше жағдайды жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаныс жүйесіндегі басқару органдарын, күштер мен құралдарын дайындау» тақырыбында «Өрт - 2024» командалық-штабтық жаттығуы өткізілді.

Маңғыстау облыстық командалық-штабтық оқу-жаттығу аудандағы Сам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі аймағында ұйымдастырылды. Оған 156 жеке құрам мен әртүрлі 62 техника тартылып, жергілікті атқарушы органдар және коммуналдық қызметтер, полиция, жедел жәрдем қызметтері жұмылдырылды. Оқу-жаттығуға ауданның төтенше жағдайлар бөлімі, өрт сөндіру жасағы және мекеме, кәсіпорындардың басшылары мен қызметкерлері белсене атсалысты.

Оқу-жаттығу барысында төтенше жағдай уақытында пайдаланылатын техникалар мен арнаулы құрал-жабдықтардың дайындығы іс жүзінде сынақтан

өткізілді. Дала өртін жою және пайда болған өрттің күшеюіне жол бермеу үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді қолдану шеберлігі тексерілді. Сонымен қатар, өрт пайда болған жағдайда өрт сөндіру қызметі келгенге дейін қолданылатын алғашқы әдіс-тәсілдер туралы түсінік берілді.

Облыстық командалық-штабтық оқу-жаттығуға арналған жиынға Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ж.Қарағәев, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы М.Мұханов, аудан әкімі Р.Шалбаев қатысып, өртке қарсы дайындықтың сақадай сай болуы ең басты міндет екені туралы пікірлерін білдірді.

Анаргүл НҰРЖАУОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ММ «Сам ауылдық округі әкімінің аппараты» «Бейнеу ауданы, Сам ауылдық округі, Сам ауылындағы жол құрылысына жобалық-сметалық құжаттама» жұмыс жобасы бойынша ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдау өткізеді. Жобалық құжаттама бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz/>) 2024 жылдың 28 мамыр мен 4 маусым аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz/сайтында> көпшілік талқылау бөлімінде және kpss_2007@mail.ru электрондық поштасы арқылы 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Самского сельского округа» проводит общественное слушание посредством публичных обсуждений на РАЗДЕЛ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ к рабочему проекту «Бейнеуский район, Самский сельский округ, проектно-сметной документации по строительству дороги в селе Сам». Проектная документация будет доступна на едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz/>) с 28 мая по 4 июня 2024 года. Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ecoportal.kz/> в рубрике публичные обсуждения и на электронную почту kpss_2007@mail.ru в течение 5 рабочих дней.

№190

ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 19 мамырында Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы әкімінің сайлауы өтті. Бейнеу аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы әкімін сайлау нәтижесі туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындысын белгіледі: Боранқұл ауылы бойынша сайлаушылар тізіміне 3835 сайлаушы енгізілді, олардың 1519-ы дауыс беруге қатысты. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 22, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгісі бар бюллетеньдер саны – 20. Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Айғазыев А.Т. – 115, Сияқ А.С. –1362. Боранқұл ауылының әкімі болып Сияқ Айтбай Сияқұлы сайланды, 1977 жылы туған, «Боранқұл жалпы білім беретін мектебі» КММ, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, Боранқұл ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

№188

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЕКСАД» ЖШС «Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі «Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Боранқұл-Сарықамыс» автожолының 59 шақырым мекен-жайында орналасқан Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу бойынша кешенді кеңейту «ҚББ,ӨӨББ,ҚОҚШЖ экологиялық бағалау материалдары» жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45.542455, 55.022970.

Тыңдаулар 2024 жылғы 25 маусымда сағат 16:00-де өтеді. Өткізу орны: «ЕКСАД» ЖШС, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы, әкімдік. ZOOM платформасы <https://us05web.zoom.us/j/89717696964?pwd=4aUfEtW8x2oJZKAy1OAoUGuMHSdbqM.1>

Конференция идентификаторы: 897 1769 6964 Кіру коды: 2yjh25 Тұтынушы: «ЕКСАД» ЖШС, Ақтау қ, Өндірістік аймақ-2, 22/2 - ғимарат, тел: 87029598977, БСН 070440008254.

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ, Марсеева, 38. 7 - бөлме, тел: 87014848005, БСН 100740003476.

Құжаттама <https://ecoportal.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/1?lang=ru> интернет-ресурста орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz>, және электр. ЖАО мекен-жайы g.tulembet@mangystau.gov.kz. сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ЕКСАД» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, Раздел «Охраны окружающей среды» «Расширение комплекса по переработке отходов производства, расположенного по адресу: Мангистауская область, Бейнеуский район, 59 км автодороги «Боранкул-Сары-камыс» с материалами экологической оценки ПУО, ПЭК, ППМ. Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45.542455, 55.022970.

Слушания состоятся: 25 июня 2024 года в 16:00 часов Место проведения: Мангистауская область, Бейнеуский район, с Боранкул, акимат.

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/89717696964?pwd=4aUfEtW8x2oJZKAy1OAoUGuMHSdbqM.1>

Идентификатор конференции: 897 1769 6964 Код доступа: 2yjh25

Заказчик: ТОО «ЕКСАД», г. Ақтау, Промышленная зона-2, здание 22/2, тел: 87029598977, БИН 070440008254.

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», г Ақтобе, ул. Маресьева, 38, каб. 7, тел: 87014848005, БИН 100740003476.

Документация размещена на портале <https://ecoportal.kz> и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/1?lang=ru>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ecoportal.kz> и электр. адрес МОО

g.tulembet@mangystau.gov.kz.

№186



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

«Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр әрі ардақты. Ол - адамзат ұрпағын өмірге әкелуші ана, жан-жарын күтетін адал жар, ата-ене сыйлап иілетін қамқор келін». Бұл аты аңызға айналған батыр атамыз Бауыржан Момышұлының аузынан шыққан ғибраты мол, мағынасы терең сөз.

АНАЛАР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Бұл жай айтыла салған сөз емес, өмірде әйел, қыздар атқаратын міндеттің жауапкершілігі жоғары екенін айқындап тұрған өнегелі сөз.

Халқымыздың «Қызды тәрбиелегенің ұлтты тәрбиелегенің», «Қызға қырық үйден тыйым» деген даналықпен үндесіп тұрған, ұқтыраны мол сөз.

Осыған орай мектеп мұғалімдері, аналар мектебі, жеңгелер мектебі секілді қоғамдық ұйымдар, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бүгінгі таңда қыз балалардың тәрбиесіне ерекше назар аударып, жоспарлы түрде жұмыс жасап келеді. Атап айтатын болсақ, өткен айда мектеп психологі Қ.Сәрсенбаева мен қосымша білім беру педагогі Т.Маханованың қолға алуымен «Ананың ізін қыз, атаның ізін ұл басар» атты тақырыпта тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Оған жапырағы жайылып, өсіп-өнген әулеттің төрінде отырған, ағайынға ардақты, елге сыйлы әжелер мен өнегелі отбасылардың аналары арнайы шақырылды. Олар С.Жолдасова мен Р.Нағметова жетекшілік ететін жоғары

сыныптарда оқитын қыз балалармен кездесіп, сырласу түріндегі әдемі әңгіме тиегі ағытылды.

Кездесуде тақырыпқа сай сөзді бастаған Алтын әже Аяпбергенова өмірде көрген-түйгендері туралы айтып, өнегелі ойларымен бөлісті. Ал Рысқұл әже Усанова әңгімені одан әрі сабақтап, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізбен халқымыздың қыз тәрбиелеудегі өнегесін жаңғырту бүгінгі таңда аса қажет екені жөніндегі пікірлерін ортаға салды.

Халқымыздың болмыс бойында аруды аялап, ананы ардақтайтын асыл қасиет бар. Осы қасиетімізге сай, қызды қонақ деп қанша еркелетсек те, бойжеткен кезінде өзге әулетке келін болып, ұрпақ жалғастыратын ана болатынын ескеріп, сол бағытта тәрбиелегеніміз дұрыс. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, отбасында қыздардың санасына халқымыздың өміршең салт-дәстүрлерін, тұнып тұрған тәрбиенің бастауы – ырым-тыйымдарды отбасында қыздардың санасына ұялатып өсіруіміз керек.

Ана мен жеңге бойжетіп келе жатқан

қыздармен жиі сырласып, ақыл-кеңес беріп отырса тіпті жақсы. Оқушы қыздармен кездесу барысында осындай мазмұнда әңгіме өрбіткен әжелер бүгінде қыз тәрбиесін аналар салып кеткен сара жолмен жүргізуге дұрыс көңіл бөлмеуіміз «әттеген-айларға» алып келе жатқанын қынжыла отырып айтты. Кездесуде айтылған әңгіме «Отбасында ұрпақ тәрбиесін ұлттық болмысымызға сай жүргізбездің себебінен ұл-қыздарымыз әлеуметтік желіде көргендеріне еліктеп өсіп жатыр. Кейбір қыздарымыз қап-қара киімдерді киіп, бүркеніп жүретін болды. Өзге ұлттың жігіттеріне тұрмысқа шығып, опық жүргендері де бар. Өз ұлтымызға тұрмысқа шықса да, келіндік міндетін дұрыс атқара алмай, ажырасып жүргендері де аз емес. Осындай келенсіздіктер болмау үшін отбасында қыз тәрбиесі мықты болуы керек. Мұны ертеңге қалдырмай, бүгін қолға алу қажет», - деген тұжырымды пікір, тұшымды оймен түйінделді.

Марал ЕРАЛИЕВА,
Манашы жалпы білім беретін
мектебінің әлеуметтік педагогі.

Қазақстан – көп ұлтты, әлемге ынтымағы жарасқан, бірлігі берік ел болып танылған мемлекет. Десекте, береке басы бірлік екенін жас ұрпақтың санасына ұялату – мектептегі тәрбие жұмысының маңызды бөлігі болып табылады.



ЕЛ БІРЛІГІН ДӘРІПТЕУ

Бұл бағытта атқарылып жатқан тәрбие жұмысының ауқымын кеңейтіп, мазмұнын байыта түсу мақсатында бірлік күніне орай ауыл екі мектеп ұжымы бірлесіп ауқымды іс-шара ұйымдастырды.

Аталған іс-шараға аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту, мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Тұралы Жолышов, аудандық білім бөлімінің басшысы, ауыл ардагерлері мен аймақтағы мектептердің басшылары мен олардың орынбасарлары арнайы қонақ болып қатысты.

Жиында халқымыздың ақ көңіл кең пейілі, татулық пен бірлікті қастерлейтін асыл қасиеті туралы тағылымға

толы әсерлі әңгіме өрбіді. Іс-шараны ұйымдастырған екі мектептің өнерлі қызметкерлері қазақ жерін мекен еткен жеті ұлттың тұрмыс мәдениетін, салт-дәстүрі мен өнерін бейнелеген сахналық көріністі қатысушылар назарына ұсынды.

Ұлттар достығы мен ел бірлігі береке бастауы екенін насихаттауға арналған іс-шара оқушылардың көңіліне ерекше сезім ұялатқаны байқалды. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстарын жалғастыра береміз.

Гүлбану МОЛБАЕВА,
Бейнеу мектеп-интернатының
мұғалімі.

КІТАП – РУХАНИ ҚАЗЫНА

ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес қолға алынған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларында оқушыларды кітап оқуға баулуды күшейту бағытында іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Жақында Маңғыстау облыстық білім басқармасының білім берудің оқу-әдістемелік орталығы мектебімізде «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында облыстық семинар ұйымдастырды. «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының рөлі» тақырыбында өткен іс-шараға облыс көлеміндегі мектептердің кітапханашылары мен әдіскерлері қатысып, бұл бағыттағы тиімді тәжірибелер ортаға салынды. Негізінен үш бөлімнен құралған семинар бағдарламасында тәулік бойы телефонға телмірсе де жалықпайтын балаларды қайткенде бір сәтке болса да кітап оқуға қызықтыра аламыз деген сұраққа жауап табуға баса назар аударылды.

Іс-шараның «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» бөлімінде батыр жазушы атамыз Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы желісінде «Әжелер тәлімі» атты эпизод көрсетілді. Мектеп

мұғалімдері мен өнерпаз оқушылары және қуыршақ театрының қатысушылары ертегілер желісі бойынша дайындаған шағын сахналық қойылым іс-шара қатысушыларының назарына ұсынылды. Сонымен қатар, биыл туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланып, шығармалары «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында оқырмандарға ұсынылған халқымыздың көрнекті жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесі желісінде мұғалім Жанар Жолбаеваның жетекшілігімен әзірленген сахналық қойылым қойылды. Бұларды қызыға тамашалаған оқушылар «Енді осы шығармаларды тауып оқымыз керек» деген пікірлерін білдіріп, кітап оқуға құштарлықтары артқанын байқатты. «BOOKDATING» деген екінші бөлімінде өнерлі оқушылар орыс және ағылшын халықтарының ертегілері желісінде сахналық қойылым қойып, өнерлерін үш тілде көрсете білді. Одан әрі сұрақ-жауап викторинасы өткізіліп, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, «Ғажайыптар әлемі» – үшінші бөлімінің бағдарламасы да балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыруға бағытталды.

Одан әрі семинар қатысушылар атымен – Қожа» повесі желісінде мұғалім Жанар Жолбаеваның жетекшілігімен әзірленген сахналық қойылым қойылды. Бұларды қызыға тамашалаған оқушылар «Енді осы шығармаларды тауып оқымыз керек» деген пікірлерін білдіріп, кітап оқуға құштарлықтары артқанын байқатты. «BOOKDATING» деген екінші бөлімінде өнерлі оқушылар орыс және ағылшын халықтарының ертегілері желісінде сахналық қойылым қойып, өнерлерін үш тілде көрсете білді. Одан әрі сұрақ-жауап викторинасы өткізіліп, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, «Ғажайыптар әлемі» – үшінші бөлімінің бағдарламасы да балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыруға бағытталды.



ның ертегілері желісінде сахналық қойылым қойып, өнерлерін үш тілде көрсете білді. Одан әрі сұрақ-жауап викторинасы өткізіліп, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, «Ғажайыптар әлемі» – үшінші бөлімінің бағдарламасы да балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыруға бағытталды.

Одан әрі семинар қатысушылар атымен – Қожа» повесі желісінде мұғалім Жанар Жолбаеваның жетекшілігімен әзірленген сахналық қойылым қойылды. Бұларды қызыға тамашалаған оқушылар «Енді осы шығармаларды тауып оқымыз керек» деген пікірлерін білдіріп, кітап оқуға құштарлықтары артқанын байқатты. «BOOKDATING» деген екінші бөлімінде өнерлі оқушылар орыс және ағылшын халықтарының ертегілері желісінде сахналық қойылым қойып, өнерлерін үш тілде көрсете білді. Одан әрі сұрақ-жауап викторинасы өткізіліп, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, «Ғажайыптар әлемі» – үшінші бөлімінің бағдарламасы да балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыруға бағытталды.

кітапханашысы Құралай Мұратқызы қоворкиннің орталығына семинар қатысушыларымен тренинг өткізді. Сонымен қатар кітапханамыздың оқу залында танымдық ойын ұйымдастырды. Өз жетістіктерімізді өзгелерге көрсете отырып, әріптестеріміздің жетістіктерімен таныстық.

Мектеп кітапханасында облыстық деңгейдегі семинарды өткізуге мұғалімдер, пән бірлестіктері және өнерлі оқушылар жұмыла атсалысты. Осылайша, семинар оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырудың маңызды екенін насихаттайтын деңгейде ұйымдастырылды.

Нұрсұлу АМАНОВА,
Күйкен жалпы білім беретін
мектебінің математика мұғалімі.

ТАБИҒАТҚА БАУЛУ

Балаларды еңбекке баулып, табиғатты аялауға дағдыландырудың маңызы зор. Осыны ескере отырып, бұл бағытта бұлдіршіндер тәрбиесін жетілдіріп келеміз.

ТЕРЕЗЕ АЛДЫНДАҒЫ БАҰ-БАҚША



Нақты айтсам, бөбекжайдағы «Аққу» тобының тәрбиеленушілерімен бірге бөлмелердің терезелерінің алдына көкөніс түрлерін егуді ұйымдастырдық. Кішкентайлар бұл жұмысқа ерекше қызығушылықпен белсене атсалысты. Осылайша терезе алдына егілген көкөністер бүгінгі таңда көзді тартып өсіп келеді. Бұлдіршіндер бұл ғажайып көрініске қызыға қарап, оны арашөптерден тазартып, суарып, барлық күтіп-баптау жұмыстарына да атсалысып жүр. Өр күні аталған топтағы бір бала осы жұмысқа кезекші болып бекітіліп, тәрбиешілердің айтқан тапсырмаларын бұлжытпай орындап келеді. Бұл жұмыстың барысында көптеген балалардың көкөністі күтіп-баптауға ықыласы күшті, икемділігі бар екені анық байқалып жүр.

Аталған іс-шараны қолға алу арқылы балаларды еңбек етуге баулып, табиғатты сүюге бағдарлауды көздедік. Бұл ойлағанымыздай нәтиже бере бастады. Осыған орай, аудандағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында біздің «Терезе алдындағы бау-бақша» атты тың бастамамыз жалғасын тапқанын қалаймыз. Бұл іс-шара түптеп келгенде балаларды табиғатқа баулудың тиімді әдісі болары анық.

Шынар КӨШБАЕВА,
Үстірт бөбекжайының тәрбиешісі

Меншік иесі:

МАҢҒЫСТАУ
MEDIA

Директоры:
Г.ӘБІШЕВА

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Рауан

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінде 6.02.2013 жылы есепке
қойылып, №13356-Г күнігі берілген.

Редактор – Қартбай ХОДЖАЕВ.
Тілшілер: Үміт ҚАЗДАЕВА,
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн
орталығында беттелді

Беттеуші дизайнер – Б.ГАБАЕВА.

"Атырау-Ақпарат" ЖШС
баспаханасында басылды.
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660, 586-392.
Тапсырыс: 0559

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.

■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.

■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 2605. Индекс: 65690
газет бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ	
21 МАМЫР	түнде: +11 күндіз: +22
22 МАМЫР	түнде: +12 күндіз: +25
23 МАМЫР	түнде: +14 күндіз: +26
24 МАМЫР	түнде: +16 күндіз: +27
25 МАМЫР	түнде: +17 күндіз: +27